# 2003-2005 жылдарға арналған облыста кедейлікті төмендету жөніндегі бағдарламаны іске асырудың 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары туралы

***Күшін жойған***

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 32/11 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 16 мамырда N 3022 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

*Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2003-2005 жылдарға арналған облыста кедейлікті төмендету жөніндегі бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) - бекітілсін.

2. Облыс қаржы департаменті Жоспардың дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті 2006 жылдың 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени дамуы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Жоспардың орындалуы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени дамуы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы Г. Досжанова*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров*

Павлодар облыстық Мәслихатының
III сайланған XI сессиясы (кезектен тыс)
2005 жылғы 15 сәуірдегі "2003-2005 жылдарға арналған облыста кедейлікті төмендету жөніндегі бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары туралы"
N 32/11 шешіміне қосымша

**2003-2005 жылдарға арналған облыста кедейлікті төмендету жөніндегі бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары**

| N | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Іске асырылуына жауаптылар | Іске асыру мерзімі | Болжалды шығындар | Қаржыл көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| **1. Атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетігін және мақсатты топтардағы кедейлікті азайту жөніндегі шараларды жет** | | | | | | |
| 1. | Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тегін түскі тамақ беру, кедейлерге арналған дүкендер ашу, халық жинап берген киім мен аяқ киімді тарату, шаштараздарда, моншаларда жеңілдікті қызмет көрсету жолымен көмек көрсету | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | II, III, IV тоқсандар | Қайырымдылық көмек | Қазақс Республ заңнама тыйы салынб қаражат |
| 2. | Белгілі мекенжайы жоқ әйелдерді әлеуметтік-психологиялық оңалдыру қалалық орталығын ұстауды қамтамасыз ету | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті; Павлодар қаласының әкімі | II, III, IV тоқсандар | "Белгілі мекенжайы жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу" 6.451.013.000 бағдарламасымен қарастырылған қаражат шегінде | Павлод қаласы бюджет |
| 3. | Мемлекеттік атаулы көмектің мынадай түрлерін көрсету: кедейлік шегіне дейін қосымша төлем төлеу (17000 адам); тұрғын үй көмегі (9000 адам); үйде тәрбиеленетін мүгедек балаларға көмек (488 адам) | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | II, III, IV тоқсандар | "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек" 6.451.005. 000 бағдарламасы бойынша 293,4 млн. теңге, "Тұрғын үй көмегі" 6.451.006.000 бағдарламасы бойынша 110,8 млн. теңге, "үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету" 6.256.003.104 бағдарламасы бойынша 11,4 млн. теңге | Қалала ауданда бюджет |
| 4. | Аса мұқтаж адамдарға сурдоқұралдар (573 дана), тифлоқұралдар (3 дана), мүгедектік жылжымалы орынтақ (201 дана) сатып алуға көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастыру | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті | II, III, IV тоқсандар | "Техникалық және өзге де құралдармен қамтамасыз ету" 6.256.003.103 бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттен 19,1 млн. теңге | Облыс бюджет |
| 5. | Интернат үйлерінде: Павлодар қаласында-300 адамды, Ақсу қаласында - 241 адамды; Шарбақты ауылындағы "қамқорлық" | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және | II, III, IV тоқсандар | "Қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қамтамасыз ету" | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | үйінде -12 адамды; Мичурино ауылындағы созылмалы психикалық ауруларға арналған мекемеде 520 адамды; Павлодар қаласында ақыл-есі кем балаларға арналған интернатта-50 адамды; соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған санаторлық үлгідегі " Ардагер үйі" мемлекеттік мекемесінде (100 төсектік) ұстау және қамқорлық көрсетуді қамтамасыз ету | | әлеуметтік бағдарламалар департаменті | | 6.256.002. бағдарламасы бойынша 213,3 млн. теңге | Облыс бюджет |
| 6. | Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған облыстық оңалту орталығын ашу | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті | II тоқсан | "Қарттар мен жалпы түрдегі мүгедектерді әлеуметтік қамтамасыз ету" 6.256.002 бағдарламасы бойынша 52,3 млн. теңге | Облыс бюджет |
| 7. | 100 адамға арналған " Белгілі мекенжайы жоқ адамдарға арналған Павлодар қалалық бейімдеу баспана-орталығы" мемлекеттік мекемесінің, 50 адамға арналған " Белгілі мекенжайы жоқ адамдар үшін Екібастұз қалалық әлеуметтік бейімдеу орталығының" жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, Павлодар және Екібастұз қалаларының әкімдері | II, III, IV тоқсандар | "Белгілі мекенжайы жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу" 6.451.013.000 бағдарламасы бойынша 18,2 млн. теңге | Павлод Екібас қалалар бюджет |
| 8. | 100 адамға арналған "Бас еркінен айырылу орындарынан босатылған адамдар үшін Павлодар қалалық бейімдеу баспана-орталығы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, Павлодар қаласының әкімі | II, III, IV тоқсандар | "Белгілі мекенжайы жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу" 6.451.013.000 бағдарламасы бойынша 7,5 млн. теңге | Павлод қаласы бюджет |
| 9. | Жалғызілікті мұқтаж зейнеткерлер мен мүгедектерді (2059 адам), сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балаларды (660 адам) үйде әлеуметтік көмек көрсетумен қамтамасыз ету | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, | II, III, IV тоқсандар | "Қарттар мен жалпы түрдегі мүгедектерді әлеуметтік қамтамасыз ету" 451.014.00 102 - бағдарламасы бойынша 83,4 млн. теңге | |

| | |
|---|---|
| қалалар мен аудандардың әкімдері | Қалалар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | ауданд<br>бюджет |
| 10. | Жалғызілікті мұқтаж азаматтарды (1200 адам) 50 орындық әлеуметтік көмек орталығында емдеу және демалдыру | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, Павлодар қаласының әкімі | II, III, IV тоқсандар | "Қарттар мен жалпы түрдегі мүгедектерді әлеуметтік қамтамасыз ету" 451.014.000 бағдарламасы бойынша 15,3 млн. теңге | Павло<br>қаласы<br>бюджет |

**2. Бұдан әрі экономикалық өсуді, халықтың еңбек әлеуетін іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау ж жұмыссыздықты азайтуды қамтамасыз ету**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | 4400 жаңа тұрақты жұмыс орнын құру | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар; кәсіпкерлік және өнеркәсіп; ауыл шаруашылығы; жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменттері; қалалар мен аудандардың әкімдері | II, III, IV тоқсандар | Қаржыландыру қажет етпейді | |
| 12. | 6000 адамды бос жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | II, III, IV тоқсандар | Қаржыландыруды қажет етпейді | |
| 13. | Бос жұмыс орындарының жәрмеңкелерін ұдайы өткізуді тәжірибеге енгізу | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | II, III, IV тоқсандар | Қаржыландыруды қажет етпейді | |
| 14. | Облыстың еңбек рыногындағы жағдай мен жаңа жұмыс орындарын | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар | II, III, IV тоқсандар | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ашу жөніндегі ақпараттық дерекқордың жұмысын қамтамасыз ету | | департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | | Қаржыландыруды қажет етпейді | |
| 15. | 1320 әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыру тәжірибесін жалғастыру | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | II, III, IV тоқсандар | "Халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар" 451.002.102 бағдарламасы бойынша 35,2 млн. теңге | Қалала ауданд бюджет |
| 16. | Облыстың жұмыспен қамту органдарында тіркелген 8090 жұмыссыздар үшін уақытша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | II, III, IV тоқсандар | "Қоғамдық жұмыстар" 451.002.100 бағдарламасы бойынша 187,9 млн. теңге | Қалала ауданд бюджет |
| 17. | Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылық өнім өндірушілерді бюджеттен екінші деңгейдегі банктермен ортақ қаржыландыру қағидалары негізінде кредиттеуді жалғастыру | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс ауыл шаруашылығы департаменті | II, III, IV тоқсандар | "Ауылшаруашылық товар өндірушілерді кредиттеу" 10.1.255.003 бағдарламасы бойынша 222 млн. теңге | Облыс бюджет қалала ауданд және деңгей банкте қаражат |
| 18. | Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында шағын кәсіпкерліктің аса маңызды жобаларын кредиттеуді қамтамасыз ету | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | II, III, IV тоқсандар | "Жергілікті деңгейде шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін кредит беру " 13.3.265.004 бағдарламасы бойынша 50 млн. теңге | Облыс бюджет |
| 19. | Кәсіби даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру арқылы жұмыссыздардың еңбек рыногындағы бәсекеге жарамдылығын арттыру, 1250 адамды даярлауға жіберу | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар; білім беру департаменттері, | II, III, IV тоқсандар | "Жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау" 451.002.101 бағдарламасы бойынша 11,8 млн. теңге, "Кәсіптік мектептер мен лицейлер" 261.008.100 бағдарламасы бойынша 10,6 млн. теңге | Облыс бюджет |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалалар мен аудандардың әкімдері | | | мен ауд бюджет |
| 20. | Шағын кредиттер беру арқылы жұмыссыз және тұрмысы төмен (әсіресе ауылдық жерлердегі) әйелдердің өзін-өзі жұмыспен қамтуына қолдау көрсетуді қамтамасыз ету | Облыс әкіміне ақпарат | Аз қамтамасыз етілген азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қор (келісім бойынша) | II, III, IV тоқсандар | | Қазақст Республ заңнама тыйы салынб қаражат |

**3. Халықтың базалық білімге, бастапқы медициналық көмекке қол жетімділігін арттыру, мемлекеттік әлеумет көрсетудің атаулылығын қамтамасыз ету. Кедейлікке демографиялық және көші-қон факторларының әсерін бәсең**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 21. | Иммиграция квоталары бойынша келген оралмандарды уақытында қабылдау, орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс бойынша көші-қон жөніндегі комитетінің басқармасы (келісім бойынша) | II, III, IV тоқсандар | Тиісті бюджеттік бағдарламалар қаражаты шегінде | Республ бюджет |
| 22. | Ана мен бала өлімін азайту жөнінде шаралар қолдану<br>Облыс әкіміне ақпарат бере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әйелдер мен балаларға көрсетілетін медициналық көмек, көрсетілген медициналық қызметтер тарифтерін көтеру жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды басымдықты қаржыландыруды қамтамасыз ету | Облыс әкімдігінің қаулысы<br>Облыс әкіміне ақпарат | Облыс денсаулық сақтау департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | II тоқсан<br>IV тоқсан | "Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің және денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының жолдамалары бойынша стационарлық медициналық көмек көрсету" 5.254.004.00 бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттен 548,5 млн. теңге, "Халыққа бастапқы медициналық көмек көрсету" 5.253.010.00 бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттен 659 млн. теңге, республикалық бюджеттен 74,7 млн. теңге | Республ бюдже облысть |
| 23. | Өмірлік маңызды дәрілік заттардың сапасына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс бойынша фармацевтикалық бақылау басқармасы (келісім бойынша), облыс денсаулық сақтау департаменті | IV тоқсан | Қаржыландыруды қажет етпейді | |
| | | | | IV тоқсан | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 24. | Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес фельдшерлік- акушерлік пункттердің (ФАП-тың), фельдшерлік пункттердің (ФП) медициналық қызметкерлерінің дәрілік заттарды сатуын ұйымдастыру есебінен аз қамтамасыз етілген азаматтар мен шалғайдағы ауылдық аудандарда тұратын халықтың дәрілік көмекке қол жетімділігін қамтамасыз ету | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс бойынша фармацевтикалық бақылау басқармасы (келісім бойынша), облыс денсаулық сақтау департаменті, аудандардың әкімдері | | Қаржыландыруды қажет етпейді |
| 25. | Экологиялық жағынан қолайсыз шалғайдағы ауылдардың халқына медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жөнінде арнайы шараларды әзірлеу | Облыс әкіміне ақпарат<br><br>Аудан әкімдіктерінің қаулылары | Облыс денсаулық сақтау департаменті Аудан әкімдері | II тоқсан<br><br>IV тоқсан | Қаржыландыруды қажет етпейді |
| 26. | Экологиялық жағынан қолайсыз шалғайдағы ауылдық елді мекендердің халқына медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі шаралар жүргізу | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс денсаулық сақтау департаменті | II, III, IV тоқсандар | Қаржыландыруды қажет етпейді |
| 27. | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің белгілеген квотасы бойынша балаларды, соның ішінде әлеуметтік жағынан қолайсыз отбасыларының балаларын республикалық санаторийлер мен клиникаларға жіберу | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс денсаулық сақтау департаменті | II, III, IV тоқсандар | Қаржыландыруды қажет етпейді |
| 28. | Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы салауатты өмір салтын насихаттауды қамтамасыз ету Жастар арасында АҚТҚ/ ЖҚТБ-ның алдын алу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс денсаулық сақтау департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | IV тоқсан | Қаржыландыруды қажет етпейді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 29. | Жеңілдікті рецептілерді жаздырып алуға құқығы бар азаматтардың жеке санаттарын тегін емханалық еммен қамтамасыз ету | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс денсаулық сақтау департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | II тоқсан | "Жергілікті деңгейде халықты сырқаттылықтың жеке түрлері бойынша арнайы азық-түлікпен және дәрілік заттармен қамтамасыз ету" 5.253.008.100 бағдарламасы бойынша 140,1 млн. теңге | Облыс бюджет |
| 30. | Бюджет қаражатының жалпыға міндетті оқу қорына дер кезінде және толық аударылуын қамтамасыз ету, осы қаражаттың тиімділігін арттыру және жұмсалуын бақылауды күшейту | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс білім беру департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | II, III, IV тоқсандар | "Жалпы білім беріп оқыту" 454.008.000 бағдарламасы бойынша 71,9 млн. теңге | Қалала аудандa бюджет заңнама тыйы салынб қаражат |
| 31. | Тиісті мектептері жоқ елді мекендерден балаларды мектептерге үздіксіз жеткізіп тұруды қамтамасыз ету | Аудан әкімдерінің актілері<br>Облыс әкіміне ақпарат | Аудандардың әкімдері<br>Облыс білім беру департаменті | II тоқсан<br>II, IV тоқсандар | "Ауылдық (селолық) жерлерде оқушыларды мектепке тегін апарып және қайта әкелуді ұйымдастыру" 123.005.000 бағдарламасы бойынша 30,9 млн. теңге | Қалала аудандa бюджет |
| 32. | Оқушыларды, әсіресе аз қамтамасыз етілген отбасыларының балаларын тереңдетілген профилактикалық медициналық байқаудан өткізуді ұйымдастыру | Облыс білім беру департаменті директорының бұйрығы | Облыс білім беру ; денсаулық сақтау департаменттері | III тоқсан | Қаржыландыруды қажет етпейді | |
| 33. | Балалар мен жасөспірімдердің, әсіресе аз қамтамасыз етілген отбасылары балаларының (13600 адамнан кем емес) жазғы демалысын, оларды сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс білім беру департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | III тоқсан | "Жалпы білім беріп оқыту" 454.008.000- бағдарламасы бойынша 10 млн. теңге | Қалала аудандa бюджет заңнама тыйы салынб қаражат |
| 34. | Медициналық көрсеткіштерге сәйкес кем дегенде 50 мүгедек баланы оқыту үшін мамандықтар тізбесін кеңейту | Облыс білім беру департаменті директорының бұйрығы | Облыс білім беру департаменті | III тоқсан | "Кәсіптік мектептер мен лицейлер" 261.008.100 бағдарламасы бойынша 3,2 млн. теңге | Облыс бюджет |
| 35. | Кәсіптік мектептерде ( лицейлерде) оқитын аз қамтамасыз етілген | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс білім беру департаменті | III тоқсан | "Кәсіптік мектептер мен лицейлер" 261.008.100 | Облыс бюджет |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | отбасыларынан шыққан балаларды, жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды біржолғы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету | | | | бағдарламасы бойынша 78,4 млн. теңге | |
| 36. | Кем дегенде 50 ауру жетім балалардың облыстың санаторийлері мен профилакторийлерінде емделуін ұйымдастыру | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс білім беру департаменті | III тоқсан | "Арнайы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беріп оқыту" 261.003.000 бағдарламасы, "Жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау" 261.015.000 бағдарламалары бойынша 1 млн. теңге | Облыс бюджет |

**4. Халыққа инфрақұрылымдық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуді жақсарту**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 37. | Ауылдағы елді мекендерді және табиғи су қоймалары мен су көздерінен қашықтағы өңірлерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге арналған магистральды топтық су құбырларын және сумен қамтамасыз ету объектілерін қайта құруды жалғастыру | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері | II, III, IV тоқсандар | "Сумен жабдықтау жүйесін дамыту" 7.2. 266.007 бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттен 80 млн. теңге, республикалық бюджеттен 336,8 млн. теңге | Облыс республ бюджет |
| 38. | Шалғайдағы ауылдардан аудан орталықтарына дейінгі залалды әлеуметтік маңызды автомобиль жолаушылар тасымалдарына берілетін демеу қаржыларды ескеру | Қалалар мен аудандар әкімдіктерінің қаулылары Облыс әкіміне ақпарат | Қалалар мен аудандардың әкімдері Облыс жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменті | II тоқсан IV тоқсан | "Ауданаралық (қалааралық) көлік қатынасын ұйымдастыру" 12.9.268.005 бағдарламасы бойынша 1,57 млн. теңге | Қалала аудандa бюджет |

**5. Қолайсыз экологиялық факторлардың кедейлікке тигізетін әсерін төмендету**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 39. | Бұрыңғы Семей ядролық полигонына іргелес жатқан Май, Лебяжі және Баянауыл аудандары аумағының бөлігіне радиологиялық зерттеу жүргізу | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті | II, III, IV тоқсандар | "Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу" 10.5.254.008. бағдарламасы бойынша 12,5 млн. теңге | Облыс бюджет |

IV тоқсан

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 40. | Т а б и ғ а т пайдаланушылардың қоршаған ортаны жақсарту жөніндегі табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру | Облыс әкіміне ақпарат | Қоршаған ортаны қорғау облыстық басқармасы ( келісім бойынша) | | | Қазақс Республ заңнама т ы й ы салынб қаражат |

**6. Кедейлік деңгейін төмендетудегі қоғамдық институттардың қызметін жақсарту жөніндегі шаралар**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 41. | Облыс әкімінің облыстық кәсіподақтар кеңесімен, " Павлодар облысы кәсіпкерлері форумы" кәсіпкерлер қауымдастығымен 2003-2005 жылдарға арналған әлеуметтік- экономикалық және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік серіктестік мәселелері жөніндегі Келісімінің орындалуын қамтамасыз ету | Облыс әкіміне ақпарат | Облыс әкімі, облыстық кәсіподақтар кеңесі (келісім бойынша), " Павлодар облысы кәсіпкерлері форумы" қауымдастығы ( келісім бойынша) | II, III, IV тоқсандар | Қаржыландыруды қажет етпейді | |
| 42. | Еңбек ұжымдарының барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыс берушілерімен ұжымдық еңбек шарттарын жасасуы | Облыс әкіміне ақпарат | Облыстық кәсіподақтар кеңесі (келісім бойынша), " Павлодар облысы кәсіпкерлері форумы" қауымдастығы ( келісім бойынша) | II тоқсан | Қаржыландыру қажет емес | |
| 43. | Санаторий-профилакторийлерде, балаларды сауықтыру лагерьлерінде және демалыс базаларында емделу жолдамалары құнын жартылай төлеу | Облыс әкіміне ақпарат | Облыстық кәсіподақтар кеңесі (келісім бойынша) | IV тоқсан | | Қазақс Республ заңнама т ы й ы салынб қаражат |
| 44. | үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен тұрмысы төмендер үшін олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі тегін заң консультацияларын беру жөніндегі жұмысты жалғастыру | Облыс әкіміне ақпарат | Облыстық кәсіподақтар кеңесі (келісім бойынша) | II, III, IV тоқсандар | Қаржыландыруды қажет етпейді | |
| 45. | 2003-2005 жылдарға арналған облыста кедейлікті төмендету жөніндегі бағдарламаны іске асырудың | Облыс әкіміне ақпарат | Қалалар мен аудандардың әкімдері, облыс экономика және бюджеттік | II, III, IV тоқсандар | | |

| | | |
|---|---|---|
| нәтижелерін (теледидар роликтері, басылым БАқ-та мақалалар, қалқанды жарнамалар, кітапшалар, түйіндеме-парақтар және басқа да ақпараттық материалдар) жариялап отыру | жоспарлау; жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменттері | Қалала[ |

ауданда
бюджет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК